

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде
«Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің соңғы
2 жылда атқарған қызметінің негізгі қорытындылары туралы»
тақырыпта 2013 жылғы 17 маусымда өткен Үкімет сағатының
нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Төрағасы Қ.Қ. Лама Шарифтің баяндамасын тыңдап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің қазақстандық озық үлгісін жұртқа кеңінен таныту, сондай-ақ еліміздің Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін өткізу туралы идеясын іске асыру жөніндегі кешенді жұмысты жалғастырсын.
2. Қазақстанда діни ахуалдың дамуын мониторингілеуді және талдауды, сондай-ақ халықтың діни сауаттылығын арттыруға, қоғамдағы діни тағаттылықты және конфессияаралық келісімді нығайтуға, халықты жалған діни ағымдардың ықпалынан қорғауға, радикалды діни идеологияны таратуға қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмысын белсенді түрде жүргізуді жалғастырсын.
3. Жергілікті атқарушы органдардың діни қызмет саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі және басқа да мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіруді, сондай-ақ діни қызмет саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігі мен сапасына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін.
4. Жоғары оқу орындарында біліктілігі жоғары дінтанушыларды даярлау жұмысын жалғастырсын.

5. Дін істері агенттігі аумақтық органдарының штат санының лимиті қайта бөлініп, функцияларының жергілікті атқарушы органдарға берілуіне байланысты діни қызметке қатысты түрлі мәселелер бойынша олармен толық функционалдық өзара іс-қимыл жасауды, сондай-ақ Дін істері агенттігі тарапынан тиісті бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

6. «E-islam» ағартушылық интернет-ресурсын ашу мәселесін жеделдетсін.

7. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, радикалды діни ағымдардың қоғамға ықпал етуіне қарсы іс-қимыл бойынша, оның ішінде Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны алдағы уақытта іске асыру шеңберінде жұмысты жалғастырысын.

8. Діни бірлестіктермен сындарлы қарым-қатынасты нығайту, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманың ережелерін түсіндіру жұмысын жалғастырысын.

9. Діни қарым-қатынастағы барлық субъектілердің «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын мұлтіксіз орындаудың қамтамасыз етсін.

10. Құқық қолдану практикасын талдау нәтижелері бойынша заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарастырысын.